

**Халықтың тамақтану жағдайын
бағалау және санитарлық –
гигиеналық бақылау**



Мақсаты: Санитарлық – гигиеналық бақылаудың әдістері мен тұрғындардың тамақтану жағдайын бағалаудың әдістерімен таныстыру



Еңбек және тұрмыс жағдайы әртүрлі топтағы тұрғындардың тамақтану жағдайын бағалау мен санитарлық – гигиеналық бақылау жүргізу тамақтануды ағзаның физиологиялық қажеттілігіне жақындату мақсатында жүргізіледі, ол үшін бір жағынан тамақтану қоршаған орта факторының (энергетикалық құндылығы мен рационның химиялық құрамы, тамақтану тәртібі және т.б.) көрсеткіші, ал екінші жағынан зерттелетін топтағы адамдардың денсаулық жағдайын сипаттайтын тағам статусының көрсеткіші ретінде қарастырылады.

Қазіргі кезде тамақтануды зерттеу үшін көптеген әдістер ұсынылған. Оларды таңдау жеке ұжымдағы қоғамдық тамақтану (балалар, жасөспірімдер, ересектер), асханаларда тағамды еркін таңдау немесе үй жағдайындағы (отбасымен немесе жеке адамдардың) тамақтануға байланысты.

Отбасында немесе жеке тамақтану барысын зерттеуде сауалнама және сұрақ-салмақ әдістерін қолданған дұрыс. Сауалнама әдісінде зерттелетін адамдарға арнайы сұрақтары бар сауалнама дайындалады. Осы әдіс арқылы аз уақыт ішінде көптеген адамдардың тамақтануы жайлы мәлімет алуға болады.

Сұрақ – салмақ әдісінде сұрақ қоюмен қатар отбасының немесе жеке адамдардың бір күнде пайдаланатын азық – түліктерін өлшейді.

Әр түрлі ұжымдардың (балабақша, балалар үйі, мектеп – интернат, жазғы сауықтыру лагерлері, кәсіптік – техникалық мектеп, өндірістік және ауылшаруашылығындағы жұмысшылар тобы және т.б.) тамақтану жағдайын білу үшін ас – мәзіріне статистикалық өңдеу жүргізеді.

□ Жыл бойғы тамақтануды сандық және сапалық тұрғыда бағалау үшін әр айдың 6 күніндегі ас мәзірін 4 күндік интервалмен алып өңдейді (ол жалпы 72 ас мәзірін құрайды); ал маусымдық тамақтануды зерттеу үшін маусым біткенше күнара ас мәзірін алып, өңдейді (45 ас мәзірі); ал 1 айдағы тамақтану барысын зерттеу үшін сол айдағы барлық ас мәзірі өңделеді (30 ас мәзірі).

Еліміздің статистикалық басқармалары мен тұрғындардың тамақтануын жоспарлау мекемелері тамақтанудың әлеуметтік – экономикалық негіздерін зерттеу үшін балансты және бюджетті әдістерді қолданады.

Балансты әдіс әрбір елді мекендегі, аудандағы, облыстағы немесе республика көлеміндегі әрбір тұрғынға шаққандағы азық түлікті белгілейді.

Бюджеттік әдіс отбасының кіріс бөлімінің тағамға қаншалықты бөлінетіндігіне талдау жүргізеді. Балансты және бюджетті әдістер арқылы алынған мәліметтерді мемлекет азық – түлік өндірісін дұрыс жоспарлау барысында қолданады. Бұл мәліметтер тұрғындардың тиімді тамақтануын зерттейтін гигиенистер үшін де аса маңызды.

Тағам рационының толыққандылығы мен тамақтану тәртібін зерттеумен қатар нақты еңбек және тұрмыс жағдайына байланысты тағамның ағза қажеттілігін толық өтейтіндігін және оған сәйкестігін де анықтау қажет. Ол үшін тағам статусы мен аурушаңдық, ағзаның тамақтану қызметінің жағдайы көрсеткіштері анықталады.

Ең маңызды көрсеткіштер қатарына физикалық даму көрсеткіштері (дененің салмағы, бойы, майдың жиналуы және т.б.), зат алмасудың жеке көрсеткіштері (ақуыз, май, көмірсу, дәрумендер мен минералды заттар), жеке мүшелер мен жүйелердің функционалдық жағдайы (жүйке және жүрек – қантамыр, жүйесі, асқорыту аппараты және т.б.), сонымен қатар шамадан тыс немесе жеткіліксіз (дәрумендердің, ақуыздың, минералдардың және т.б.) тамақтанудың алғашқы клиникалық белгілері жатады.

Қорытынды сұрақтары:

1. Тұрғындардың тамақтануын зерттеу үшін қандай әдістер қолданылады?
2. Отбасының және жеке адамдардың тамақтануын зерттеуге қай әдістер аса қолайлы?
3. Ұжымдардың тамақтануын зерттеу үшін қай әдістерді қолданған жөн?
4. Тамақтанудың әлеуметтік – экономикалық негізін зерттеуде қандай әдістерді қолданады?

Назарларыңызға рахмет!!!

